

**Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру үшін шет елге жіберу Ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігі Төрағасының 2001 жылғы 16 мамырдағы N 02-2-4/81 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 9 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1564. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 5 ақпандағы N 02-1-02/15 (V053449) бұйрығы.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 5 бабы 1 тармағының 7) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру үшін шет елге жіберуге ұсынылып отырған ереже бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Мемлекеттік қызметтерді кадрлық қамтамасыз ету Департаментіне (В.А. Цойға) жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым  
министрі  
келісілген

2001 ж. 2 шілде

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік қызмет  
істері жөніндегі  
Агенттік Төрағасының  
Бұйрығымен бекітілген  
2001 жылдың 16 мамыр

N 02-2-4/81

**Шет елдерде мемлекеттік қызметшілерді даярлау,  
қайта даярлау және біліктілігін көтеруге жіберу  
Ережесі**

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі "Мемлекеттік қызмет туралы" Заңының 5 бабы тармағының 7) тармақшасына сәйкес жасалынды және шет елдерде мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеруге /бұдан әрі - оқытуға/ жіберудің шарттары мен т ә р т і б і н а й қ ы н д а й д ы .

2. Шет елдерде мемлекеттік қызметшілерді оқыту былайша жүзеге асырылуы

м ү м к і н :

- 1) халықаралық келісімдер негізінде;
- 2) мемлекеттік қызметшілерді мемлекеттік және әлеуметтік бағдарламалары а у қ ы м ы н д а ;
- 3) шет ел үкіметтерінің, халықаралық ұйымдардың және тағы басқалардың ш а қ ы р у ы б о й ы н ш а .

3. Мемлекеттік қызметшілерді шет елдерде оқыту мына қаржы көздері есебінен жүзеге асырылады:

- 1) мемлекеттік бюджет қаржысынан;
- 2) әртүрлі халықаралық ұйымдардың, оқу орталықтарының, халықаралық қаржылық және экономикалық ұйымдардың әрі донор - елдердің қаржысынан;
- 3) қолданылып жүрген заңда тиым салынбаған басқа да қаржылардан.

4. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдар /бұдан әрі - мемлекеттік органдар/ шетелдік ұйымдардан оқуға шақыру алғаннан кейін 3 жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттікке /бұдан әрі - Агенттік/ тиісті ақпараттарды жолдайды.

5. Агенттік, егер шақыру қағазы адрестік /атаулы/ болса және мемлекеттік органның нақты жобасын /бағдарламасын/ іске асыруға бағытталған жағдайлардан басқа, ұсынылып отырған оқыту тақырыбы және қызмет мамандығына сәйкес, жеті күнтізбелік күн ішінде осы ақпараттарды басқа мүдделі мемлекеттік органдарға жолдайды.

6. Мемлекеттік қызметшіні шет елде оқытуға іріктеу және жіберу, оқытуға қажеттілікті айқындау негізінде, кандидаттардың еңбектерін ескере отырып тиісті мемлекеттік органдар, Агенттікпен келісе отырып жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет кадрлерін есеп және мониторинг жүргізу және төмендегі мемлекеттік қызметкерлерді шет елге оқуға жіберу талаптарын ұстану мақсатында, мемлекеттік органдар Агенттікке ұсынылып отырған үміткерлер т і з і м і н ұ с ы н а д ы .

7. Мемлекеттік қызметшілерді шет елдерде оқытуға жіберу кезінде төмендегі ш а р т т а р с а қ т а л ы н у ы т и і с :

1) мемлекеттік қызметші өзін шет елде оқытуға жіберетін мемлекеттік органда жұмыс істейтін болуы керек;

2) оқытудың тақырыптық бағдарламасы мен курстары атқаратын лауазымдық қызметтік міндеттеріне немесе үміткердің мамандығына сәйкес және мемлекеттік органның негізгі бағыттарына, мақсаттары мен міндеттеріне жауап б е р у і т и і с ;

3) мемлекеттік қызметші оқуды аяқтағаннан кейін мемлекеттік органның басшылығына міндетті түрде есеп береді.

8. Мемлекеттік қызметші шет елде оқуды аяқтағаннан кейін 30 күнтізбелік

күн ішінде мемлекеттік органның кадрлық қызметіне іссапар, оқытудың бағдарламасы туралы есеп беруге және тиісті оқудан өткендігін айғақтайтын құжаттар /диплом, сертификат, куәлік ж.т.б./ көшірмесін тапсыруға міндетті.

9. Мемлекеттік органдар келесі жылдың 10 қаңтарына дейін бекітілген үлгі /1 қосымша/ бойынша жылдың қорытындысы бойынша шет елде оқып жатқан қызметкерлер тізімін Агенттікке береді.

10. Шет елде даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілігін көтеруден өткен мемлекеттік қызметшілер туралы мәліметтер Агенттіктің деректер жүйесіне енгізіледі.

№ 1 қосымша

**Шет елдерде даярлаудан, қайта даярлаудан және біліктілігін көтеруге өткен мемлекеттік қызметшілер туралы мәлімет**

---

Облыстың (Астана, Алматы қалаларының), мемлекеттік органдардың атаулары 200 \_\_\_\_ жылдың қорытындысы бойынша

---

Р/ Қызметкер.	Кате.	Құры.	Курс.	Ел	Өткі.	Қаржы.	Оқуды	Серти.	Ес		
№	дің	тегі,	го.	лымдық	тың	және	зу	ланды.	ұйым.	фикат	кер
аты,	әке.	риясы	бөлім.	атауы	өткі.	мер.	ру	дас.	куә.	ту	
сінің	аты	шесімен	зу	зімі	көзі	тыру.	лігі				
		атқара.	орны			шылар	(серти.				
		т ы н				ф и к а т					
		л а у а .				н ө м і .					
		з ы м ы				р і )					

---

---